

Шортанды ауданындағы тұрмысы төмен отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2009 жылғы 12 маусымдағы № С-16/5 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2009 17 шілдедегі № 1-18-76 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 ақпандағы № С-24/11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2010.02.26 № С-24/11 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16 сәуіріндегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес Шортанды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Шортанды аудандық мәслихатының 2009.10.29 № С-20/6 шешімімен

1. Шортанды ауданындағы күнкөрісі төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Шортанды аудандық мәслихатының 2009.10.29 № С-20/6 шешімімен.

2. Осы шешім Ақмола облысы Шортанды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және оның бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрайымы *А.Коровина*

Аудандық
мәслихаттың хатшысы *Г.Скирда*

КЕЛІСІЛДІ:

Аудан әкімі *С. Қамзебаев*

Шортаны ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы *Ж. Мұнтаева*

*Шортаны ауданының «Экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі»*

мемлекеттік мекемесінің бастығы О. Мут

Ш о р т а н д ы а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т с е с с и я с ы н ы ң
2009 жылдың 12 маусымындағы
№ С-16/5 шешімімен бекітілген

**Шортанды ауданындағы күнкөрісі төмен отбасыларына (азаматтарға)
тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Шортанды ауданындағы күнкөрісі төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері (әрі қарай-Ережелер) Шортанды ауданының аумағында тұрақты тұратын күнкөрісі төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін және мөлшерін анықтайды.

2. Күнкөрісі төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау төлеміне (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және коммуналдық қызметті пайдалануға көмек (әрі қарай–тұрғын үй көмегі) көрсетіледі.

3. Тұрғын үй көмегі халықты әлеуметтік қорғау нысанының бірі болып т а б ы л а д ы .

4. Тұрғын үй көмегін тағайындау Шортанды ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай-уәкілетті орган) жүзеге асырылады.

2. Тұрғын үй көмегін көрсету шарттары

5. Тұрғын үй көмегі Шортанды ауданында тұрақты тұратын және тұрғын жайдың меншік иесі немесе жалдаушы, (қосымша жалға алушы) болып табылатын күнкөрісі төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау төлеміне (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және коммуналдық қызметті п а й д а л а н у ғ а к ө р с е т і л е д і .

6. Жеке меншікте бір бірліктен артық тұрғын үй (пәтер, үй) немесе тұрғын үй жайларын жалға беруші тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқықтарын жоғалтады.

7. Егер отбасында 1 және 2 топ мүгедектері, 16 жасқа дейінгі мүгедек-балалар , сексеннен асқан тұлғалар, 7 жасқа дейінгі балаларға күтім көрсетіндерді есептегенде, жұмысқа қабілетті жұмыс істемейтін, оқушы, күндізгі білімде оқитын студент, тыңдаушы, курсант және магистрант болып табылмайтын,

Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде қызметін өтемейтін, уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген тұлғалар болса тұрғын үй көмегін алуға отбасылардың (азаматтардың) құқығы жоқ.

8. Уәкілетті орган ұсынған жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартқан, соның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа, кәсіби дайындаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан, өз еркімен осындай жұмыстар мен оқытуға қатысуды тоқтатқан жұмыссыздарға тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

9. Коммуналдық қызмет төлемі бойынша жеңілдіктері бар және сонымен бірге тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар тұлғаларға әлеуметтік қорғау нысанының біреуін таңдау мүмкіндігі беріледі.

10. Егер құжаттардың қажетті пакеті толығымен жинақталмаса, тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

11. Тұрғын үй көмегі өтініш берген күннен бастап үш ай мерзіміне тағайындалады. Тұрғын үй көмегін алушыларды қайта тіркеу бастапқы ресімдеу үрдісіне ұқсас.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі және мөлшері

12. Егер төлем түбіртектері бойынша тұрғын үйді ұстау (тұрғын үй көлемінің әлеуметтік нормасының және коммуналдық қызметті пайдалану нормативтері шегінде), коммуналдық қызмет үшін ақының нақты шығындары отбасының жиынтық кірісінен 11 пайыз асқан болса, күнкөрісі төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі ақшалай төлем түрінде көрсетіледі. Тұрғын жайды ұстау ақысы, үстеме белгіленген коммуналдық қызмет нормаларының төлемі азаматтармен жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

13. Өтемді шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормалары Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамалармен белгіленген отбасының әр мүшесіне тұрғын үй көмегін көрсету нормаларына баламалы және тұрғын үй көмегін есептетеу үшін қолданылады.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешім төмендегі құжаттардың негізінде уәкілетті органмен қабылданады:

- 1) тұрғын үй иесінің немесе жалдаушының (қосымша жалға алушы) өтініші;
- 2) тұрғын үй иесімен немесе жалдаушымен (қосымша жалға алушымен) бірге тұратын отбасының барлық мүшелерінің жеке бастарын куәландыратын құжаттар (түпнұсқа, көшірме);
- 3) салық төлеушінің куәлігі (түпнұсқа, көшірме);
- 4) азаматтарды тіркеу кітабы (түпнұсқа, көшірме);
- 5) тұрғын үйге құқықты куәландыратын құжат (жекешелендіру шарты,

айырбас шарты, сыйлық шарты, сатып алу-сату шарты, мүлікті жария ету туралы комиссияның шешімі, соттың шешімі, мұрагерлік құқығы туралы куәлік және т.б (т ү п н ұ с қ а , к ө ш і р м е) ;

6) кірістер туралы анықтама (жалақы, зейнетақы, алименттер және басқалар);

7) оқу орынының күндізгі оқу бөлімінен, жұмыссыз ретінде тіркелу туралы анықтамалар (жұмыс істемейтін, оқымайтын, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде қызмет өтемейтін жұмысқа жарамды тұлғалары бар отбасылар үшiн) ;

8) тұрғын үй ұстау ақысы бойынша шығындарды төлеу, өтініш жазған тоқсанның алдындағы тоқсанға коммуналдық қызмет көрсетудің барлық түрлеріне түбіртекті;

9) Шортанды ауданы әділет басқармасынан жылжымайтын мүлік жоқ (бар) туралы ақпараттық анықтама.

15. Отбасының (азаматтардың) тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметті пайдалану ақысының шығындары осы мақсаттарға шекті рұқсат етілетін үлестен артып кеткен кезінде тұрғын үй көмегі тағайындалады.

16. Тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметті пайдалану ақысына шекті рұқсат етілетін үлесі күнкөрісі төмен отбасының (азаматтардың) жиынтық кірістеріне 11 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

17. Бір айда электрқуатын пайдалану ақысына өтемді нормалар электрқуатын есепке алу құралдарының көрсеткіштері бойынша белгіленеді, бірақ жалғыз басты азаматтар үшін 50 киловаттан, екі және одан көп адамнан тұратын отбасылары үшін 100 киловаттан артық емес.

18. Бір айда газбен жабдықтау ақысына өтемді норма (газбен жабдықтау баллон арқылы болған кезде) жалғыз басты азаматқа 5 килограмм, екі және одан көп адамнан тұратын отбасы үшін 10 килограмм газ.

19. Электр, газбен жабдықтау бойынша шығындар өтініш жасаған тоқсан алдындағы төлем түбіртектері бойынша есепке алынады. Сумен жабдықтау, канализация бойынша шығындар қызмет көрсетушінің тарифтері бойынша алынады.

20. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күнтізбелік күн ішінде өзінің жеке тұрғын үй меншік нысандарының, отбасы құрамындағы және оның кірістерінің жиынтығы мен әлеуметтік статусының кезкелген өзгерістері туралы уәкілетті органды ақпараттандыруы қажет.

21. Заңсыз немесе жоғарылатылған тұрғын үй көмегін тағайындалуға әкеліп соққан сенімсіз мәліметтерді уәкілетті органға ұсынғаны үшін тұрғын үй иесі немесе жалдаушы (қосымша жалға алушы) алдындағы тоқсан аралығында тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады. Тұрғын үй түрінде алынған заңсыз сомалар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген

тәртіпте қайтарылуы тиіс, егер тұрғын үй иесі немесе жалдаушы (қосымша жалға алушы) одан бас тартқан кезде төленген сомаларды қайтару сот арқылы жүзеге асырылады.

4. Тұрғын үй көмегіне үміткер отбасылардың (азаматтардың) жиынтық кірісін есептеу

22. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтардың) жиынтық кірісі отбасының кірісін анықтау үшін тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органмен есептеледі.

23. Отбасының (азаматтың) жиынтық кірісін есептеу кезінде тұрғын үй көмегін алуға өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанда түскен барлық кірістердің түрлері есептеледі (тұрғын үй көмегі, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегі, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына мемлекеттік балалар жәрдемақысы, қайтыс болғандарды жерлеуге және бала туған кезде бір жолғы төлем ақыларынан басқа):

- 1) еңбекақы түріндегі кірістер;
- 2) барлық түрдегі зейнетақылар; шәкіртақылар, мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, асыраушыдан айрылу және жасқа келу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары және жұмыс берушілер шешімімен белгіленген тәртіптегі өтемді төлемдер;
- 3) балаларға және басқа қараудағы жандарға алименттер;
- 4) денсаулыққа тигізген зақымдар немесе өзге де келтірілген залалдар шығындарын толтыру тәртібіндегі алынған бір жолғы сомалар;
- 5) жеке қосалқы шаруашылық кірістері;
- 6) кәсіпкерлік және өзге қызмет түрлерінің кірістері;
- 7) азаматтар өз еркімен мәлімдеген басқа кірістер.

24. Ауылды жерлердің тұрғындары үшін жеке меншік қосалқы шаруашылығының кірісі (бақша, саяжай учаскелерінің, аула учаскелерінің кірістерін есепке алмағанда) бес айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде есептеледі.

5. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу

25. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру тиісті жылға көзделген ауданның бюджет қаражаттарының есебінен жүзеге асырылады.

26. Коммуналдық қызметтерді көрсету мен ұстауға есептік-нормативтік шығындарды анықтау уәкілетті органдардың бақылаумен жүргізіледі.

27. Тұрғын үй көмегін төлеу осы Ереженің 14 тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды ұсынуымен, тұрғын үй алуға үміткердің жеке өтінішіне сәйкес жүргізіледі және екінші деңгейдегі банктер, «Қазпошта» акционерлік қоғамы арқылы тұрғын үй көмегін алушының жеке шотына аударылады.

Ескерту. Ережелерге өзгерту енгізілді - Шортанды аудандық мәслихатының 2009.10.2009 № С-20/6 шешімімен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК